

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 мамырдағы № А-5/147 қаулысы. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда № 1-10-118 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № а-11/380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010.12.29 № а-11/380 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** Е Т Е Д І :

1. «Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ, сондай-ақ оқу орындарынан босатылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметін атқармаған он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын және
б е к і т і л с і н .

3. 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан - желтоқсанында азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

4. Әкімдіктің осы қаулысының ықпалы 2010 жылғы 15 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Ш а я х м е т о в к е жүктелсін.

6. Осы қаулы Еңбекшілдер ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшілдер ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

Т. ХАМИТОВ

«Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Б.Н. Есімов

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің Еңбекшілдер аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Е.Е. Каппель

Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Еңбекшілдер аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері
Д.Б. Сыздықова

Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 21 мамырдағы № А-5/147 қаулысымен бекітілген 1 қосымша

**Аудандық
ҚҰРАМЫ**

шақыру

комиссиясының

Есімов Бауыржан Негметұлы	«Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы
Қайыржанов Бауыржан Әлімжанұлы	«Еңбекшілдер ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік - құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері	
Баймағамбетов Қайрат Есқожаұлы	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің Еңбекшілдер аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Құрманбаев Ерғали Мұқлайұлы	Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы жанындағы « Еңбекшілдер аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының хирургия бөлімшесінің хирург – дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Гудименко Оксана Геннадьевна	Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы жанындағы « Еңбекшілдер аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының стоматология кабинетінің медбикесі, шақыру комиссиясының хатшысы (келісім бойынша)

Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 21 мамырдағы № А-5/147
қаулысымен бекітілген 2 қосымша
**2010 жылдың сәуір – маусымында және
қазан - желтоқсанында азаматтарды
әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі**

№	Округтардың атаулары	Комиссия жұмыстарының күндері					
		16.04	19.04	20.04	22.04	6.05	11.05
1	Аңғал-бытыр	24					
2	Ақсу		10		9		
3	Андықожа-батыр	25					
4	Баймырза			17			
5	Бірсуат		13				
6	Уәлихан				13		
7	Заозерный					16	
8	Еңбекшілдер					27	
9	Степняк қ.						50
10	Заурал			16			
11	Кеңашы						
12	Краснофлот						
13	Макинка						
14	Мамай		12				

15	Үлгі							17		
17.05	8.06	1.10	4.10	6.10	12.10	14.10	3.11	10.11	6.12	
		22								
		12								
					23					
								14		
								10		
									9	
							11			
								23		
	10					15	39			
						14				
15						13				
11					14					
24	16			43					40	
			11							
			19							